Құрылыс



# САҒАШИЛІДЕ ӘЙТЕКЕ БИ КӨШЕСІНЕ ЖОЛ САЛЫНУДА

**ЕҢБЕК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ОРТАЛЫҒЫ САҒАШИЛІ АУЫЛЫНДАҒЫ ӘЙТЕКЕ БИ КӨШЕСІНДЕГІ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛЫ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТУДЕ.**

Ұзындығы 1270 метр болатын бұл көшеге бұрын-соңды асфальт төселмеген. Құрылыс құны 121 млн теңге құрайтын жол салу жұмыстарын «Бірлік НС» ЖШС-і жүргізуде. Аталған серіктестік директорының орынбасары Өмірбек Өтепов бүгінде жол салынатын жердің беткі қабаты қырылып, қиыршық тастары төселіп, нығыздау жұмыстары жүргізілгенін жеткізді.

*- Қазіргі уақытта жұмыс тоқтап тұр. Себебі тапсырыс берушілерден қаржы бөлінбей, кешіктірілуде. Егер қаржы уақытында бөлінсе, тамыз айының аяғына дейін жұмысты толық аяқтаймыз. Құрылыс басында 20-ға жуық адам жұмыс жасайды. Оның үшеуі жергілікті жердің тұрғындары. Техникаларымыз жеткілікті,* - деді «Бірлік НС» ЖШС-і директорының орынбасары Өмірбек Өтепов.

В курсе дела

# ДВОЕ МУГАЛЖАРЦЕВ ПОСТРАДАЛИ ОТ УКУСОВ ЯДОВИТЫХ КАРАКУРТОВ




Мужчины из поселков Журын и Талдысай обратились за помощью в больницу 25 июня. Пострадавшим была введена сыворотка от яда каракурта. Сейчас их здоровью ничего не угрожает, они получают амбулаторное лечение.

Напомним, 15 июня от укусов ядовитых пауков в районе пострадали подросток и двое взрослых. Двум мугалжарцам была введена сыворотка от яда каракурта. Женщине в связи с беременностью не могли ввести сыворотку. Она тогда была направлена в областную больницу. Среди пострадавших жители Кандыагаша, а также сел Журын, Талдысай, Аккемир и Басшили. С начало июня на территории района зарегистрировано 5 случаев.

На сегодняшний день в Мугалжарской районной больнице в наличии есть сыворотка от яда каракурта. Дополнительно закупается сыворотка.

Специалисты советуют сразу же после укуса паука обращаться к медикам. Если нет возможности экстренно получить профессиональную помощь, можно самостоятельно облегчить состояние пострадавшего. Укушенному следует давать обильное питье, теплую воду или горячий чай. При укусе возникает сильная боль, ее можно притупить любым болеутоляющим препаратом. А вот чего точно не стоит делать, так это надрезать и прижигать место укуса или накладывать жгут на конечность.

**А.АДЕН**

Денсаулық

# ҚҰТЫРУ: 60 АДАМ ЖАН-ЖАНУАРЛАРДАН ЗАРДАП ШЕККЕН

**Осы жылы Қостанай және Абай облыстарында расталған құтыру ауруымен екі жағдай тіркеліп, соңы өліммен аяқталған. Бұл туралы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Ерлан Мұратов айтты.**

Аталған екі жағдайда да тістеу белгілі үй жануарлары тарапынан орын алған. Алайда жәбірленушілер тістегеннен кейін медициналық көмекке жүгінбей, тек құтырудың клиникалық белгілері пайда болғаннан кейін ғана жүгінген. Құтыруға қарсы алдын алу екпелері жүргізілмеген.

*- Құтыру ауруы - аса қауіпті жұқпалы аурудың бірі. Ол адамның орталық жүйке жүйесін зақымдайды. Өкінішке орай құтыру ауруының емі табылмаған. Құтыру ауруымен адам және жануарлар ауырады. Негізгі инфекцияның көзі – ауру үй жануарлары, оның ішінде 60-70% иттер, мысықтар болып табылады. Табиғатта құтыру ауруының қоздырғышының резервуары: қасқыр, қарсақ, түлкі, шакал, кеміргіштер және т.б. болады. Құтыру ауруының вирусы қайнатқанда, ультрафиолетті сәуле әсерінен, 2-3% хлорамин ертіндісінен тез өледі, бірақ төмен, салқын температурада ұзақ сақталады. Құтыру вирусы ауру жануарлардың сілекейінде көп бөлінеді. Құтыру ауруына шалдыққан жануарлар тістегенде, жарақаттанған тері үстіне тигенде жұғу мүмкін. Вирус жарадан жұлын және миға еніп, сол жерде көбейеді. Вирус ағзаға түскен уақыттан бастап аурудың белгілері пайда болғанға дейін тәулік және 1 жылдан астам уақыт өтуі мүмкін. Жасырын кезеңнің ұзақтығы тістеген орынға байланысты болады. Ең қысқа жасырын кезең жануарлардың бет, бас, саусақ мүшелерін тістегенде болады,* - деді аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Ерлан Мұратов.

Оның сөзінше, осы жылы ауданда құтырма ауруының эпидемиологиялық жағдайы тұрақты, тұрғындар арасында құтырма ауруы тіркелмеген. Дегенмен Мұғалжар ауданындағы емдеу - профилактикалық мекемелерге жануарлар тістеген және тырнаған 60 зардап шегушілер жүгінген. Олардың 42-сі иттерден, 14-і мысықтардан, 1-еуі жылқыдан, 1-еуі егеуқұйрықтан, 1-еуі тышқаннан, 1-еуі дала тышқанынан зардап шеккен. Жүгінген 60 адамның барлығына құтыруға қарсы екпе салынған. Сонымен бірге антирабиялық егуге 80 адам белгіленген, оның ішінде 22 адам толық курсын, 38 адам толық емес курсын, 26 адам антирабиялық иммуноглобулин алған.

*- Адамды кез келген жануар қауып, тістеп немесе тырнап алған жағдайда тез арада жергілікті жердегі дәрігерге көрінуі керек. Тіпті сырттай дені сау жануар тістеп немесе тырнап алған жағдайда да дәрігерге қаралу керек. Адамдарды тістеп алған ит, мысық және тағы басқа жануарларды емдейтін (ветеринарлық) мекемеге жеткізіп, 10 күн бойы бақылау керек. Адамды қапқан жануарды өлтіруге болмайды, өйткені бақылау қорытындысы бойынша алдын ала емдеу тактикасын таңдау қажет болады. Зардап шеккен адамды сақтандырудың бірден-бір шарасы - егу болып табылады, сондықтан ондай жағдайда дереу дәрігерге көріну керек. Егудің толық курсын алу қажет. Егілген адамға 6 ай ішінде ішімдік ішуге болмайды, сондай-ақ қатты суықтан және тым ыстықтан сақтанған жөн. Егулер ауырмайды, әрі жеңіл түрде өтеді*, - деді ауданның бас санитариялық дәрігері.

**mugalhzar.kz**

Мониторинг

# ӨНІМДЕР ҚАУІПСІЗДІГІ - БАҚЫЛАУДА



**Аудан аумағындағы сауда желілерінде Кеден одағының техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келмейтін тауарлар мен өнімдерді анықтау мақсатында өнімдер қауіпсіздігі мониторингі жүргізуде. Бұл туралы аудандық Мұғалжар аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының мамандары айтты.**

Мамандар осы жылдың алты айында өнімдерді сатып алу шеңберінде барлығы 21 тамақ өнімінен сынамалар алып, зерттеген. Оның ішінде отандық өндірушілердің өнімдерінен 6 сынама, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің өнімдерінен 13 сынама, басқа елдердің өнімдерінен 2 сынама алынған. Солардың ішінде техникалық регламенттер талаптарына сәйкес келмейтін 4 сынама анықталған. Сонымен бірге тамақ емес өнімдерден барлығы 38 сынама алынып, зерттелген. Оның ішінде ішінде отандық өндірушілердің өнімдері - 5 сынама, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің өнімдерден 9 сынама, басқа елдердің өнімдерінен 24 сынама салынған. Зерттелген 38 сынаманың ішінде 3 сынама таңбалануы бойынша техникалық регламенттер талаптарына сәйкес келмейтіні белгілі болған.

*- Аудан бойынша техникалық регламенттер талаптарына сәйкес келмеген өнімдер бойынша субъектілерге сәйкес келмейтін өнімді (тауарды) алып қою және өткізуден кері қайтарып алу туралы жедел ден қою шараларын қолдану туралы 3 қаулы берілді. Оның 1-не халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы тергеп-тексеру тағайындау туралы актісі ашылды және 2 жұмыс үстінде. Мұғалжар аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының мамандары тұтынушыларға өнімдерді сатып алар кезде қаптамалардың тұтастығына, өндіру мерзіміне, сақтау шарттарына мұқият қарауға кеңес береді. Сонымен қатар, тұтынушылар сатушыдан өнімнің қауіпсіздігін растайтын құжаттарды, оның ішінде декларация, сертификаттарды сұрауға құқығы бар екенін еске саламыз,* - деді Мұғалжар аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Ерлан Мұратов.

**Н.КЕСІККҰЛ**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

**«Mineral Investment Group» ЖШС Ақтөбе облысындағы Табылга жер қойнауы учаскесінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін жобалық құжаттама бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдау өткізу туралы хабарлайды.**

**Әсер ету аумағы:** Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Құмсай а. о., Құмсай а. (49.2925 с. е. 58.3047 ш. б.).

Тыңдау **13.08.2025 ж., 15:00, Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Құмсай а. о., Құмсай а., Н. Қаниев к-сі, 3 ауылдық клуб ғимаратында** өткізіледі

Жобалық құжаттама пакетімен **ndbecology.gov.kz сайтта** танысуға болады және жергілікті атқарушы органның сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru

**Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар** ndbecology.gov.kz сайтта, сондай-ақ «Ақтөбе облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, email: expert_oos@mail.ru, тел: 8-7132-55-26-28, қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады,

«Mineral Investment Groupф» ЖШС бастамашысы, БСН 231040005446,

**Мекен-жайы:** ҚР, Алматы қ., Курмангалиев көшесі, № 8а үй.

Тел.: +7(777)-350-30-50, d.vyatkin@cocrealty.kz

**Экологиялық құжаттаманы әзірлеуші** С. А. Өтегенов ЖК болып табылады.

**Мекен-жайы:** ҚР, Ақтөбе қ., Бөкенбай батыр к-сі, 129д, ҚҚ. 168А, БСН 130940007888.

**Анықтама үшін эл.пошта және телефон:** Aigul-kz79@mail.ru +77026624010

Қоғамдық тыңдаулар аралас форматта (ашық жиналыс және бейнеконференциялар) өткізіледі. Белсенді сілтеме (ZOOM сілтемесі):

h t t p s : / / u s 0 5 w e b . z o o m . u s / j / 86555215092?pwd=kBplwhRUaT2dyPONGzIba9uHa2fm5v.1

**Конференция идентификаторы:** 865 5521 5092

**Кіру коды:** 6a5bG6.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

**ТОО «Mineral Investment Group», сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проектной документации для получения экологического разрешения на воздействие к Плану разведки твердых полезных ископаемых на участке недр Табылга в Актюбинской области.**

**Территория воздействия:** Актюбинская область, Мугалжарский район, Кумсайский с.о., с.Кумсай (49.2925 с. ш. 58.3047 в. д).

Слушания будут проведены **13.08.2025 г.,в 15:00, Актюбинская область, Мугалжарский район, Кумсайский с.о., с.Кумсай, в здании сельского клуба по ул. Н.Қаниева 3.**

**С пакетом проектной документации** можно ознакомиться на сайте ndbecology.gov.kz, на сайте местного исполнительного органа https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте ndbecology.gov.kz, а также в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Актюбинской области», email: expert_oos@mail.ru, тел: 8-7132-55-26-28.

Инициатор ТОО «Mineral Investment Group», БИН: 231040005446

**Адрес:** РК, г. Алматы, ул. Курмангалиева 8а

Тел.: +7(777)-350-30-50, d.vyatkin@cocrealty.kz

**Разработчиком экологической документации** является ИП Утегенов С.А.

**Адрес:** РК, г. Актобе, ул. Бокенбай батыра, 129Д, оф. 168А, БИН 130940007888.

**Эл. почта и телефон для справок:** Aigul-kz79@mail.ru; +77026624010

Общественные слушания проводятся в смешанном формате (открытого собрания и видеоконференцсвязи). Активная ссылка (ссылка в ZOOM):

h t t p s : / / u s 0 5 w e b . z o o m . u s / j / 86555215092?pwd=kBplwhRUaT2dyPONGzIba9uHa2fm5v.1

**Идентификатор конференции:** 865 5521 5092

**Код доступа:** 6a5bG6.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

КГП "Коммунальщик" на основании приказа №61-ОД от 20 июня 2025 года РГУ "Департамента Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Актюбинской области" вводит следующие тарифы на услуги водоснабжения:

| № | Группы потребителей | Единица измерения | Тариф с 1 июля 2025 года с учетом НДС |
|---|---|---|---|
| 1 | Средний тариф | Тенге/м3 | 426,06 |
| 2 | Население | Тенге/м3 | 386,02 |
| 3 | Население, для которых стоимость услуг субсидируется из государственного бюджета | Тенге/м3 | 475,33 |
| 4 | Население, для которых стоимость услуг несубсидируется из государственного бюджета | Тенге/м3 | 243,58 |
| 5 | Прочие потребители | Тенге/м3 | 400,43 |
| 6 | Бюджетные организации | Тенге/м3 | 855,25 |

Мереке

# ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІНЕ ОРАЙ ТАҒЫЛЫМДЫ КЕШ ӨТТІ



**1 шілде – Ұлттық домбыра күніне орай аудандық орталық кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен «Домбыра – қазақтың асыл қазынасы» атты тақырыптық кеш өтті. Ұлттық өнер мен мәдениетті насихаттауға бағытталған шараға кітапхананың белсенді оқырмандары, өнерге жақын жастар мен қала тұрғындары қатысты.**

Мерекелік кештің басты мақсаты – ұлттық мұрамыз саналатын домбыраның қадір-қасиетін, оның тарихы мен халқымыздың рухани өміріндегі орнын жас буынға таныту. Шара барысында А.Жұбанов атындағы балалар музыка мектебінің «Домбыра» ансамблі өнер көрсетіп, қазақтың күмбірлеген күйлерін тарту етті. Жас өнерпаздар Махамбет, Құрманғазы, Тәттімбет сынды дәулескер күйшілердің шығармаларын орындап, көрермендерді тәнті етті. Домбыраның үні кітапхана залын ерекше ұлттық реңге бөлеп, кешке рухани сипат берді.

Кештің қонағы А.Жұбанов атындағы балалар музыка мектебінің домбыра класының оқытушысы, тәжірибелі маман Эльмира Берденова болды. Ол оқырмандарға домбыраның шығу тарихы, құрылымы және күйлердің мазмұны жайында кеңінен әңгімелеп, ұлттық аспаптың тәрбиелік маңызын тілге тиек етті. Сонымен қатар балалармен еменжарқын сұхбат құрып, олардың ұлттық өнерге қызығушылығын оятуға тырысты.

**А.МАНАСБАЕВА**

Газет ҚР Инвестициялар және Даму министрлігінде 18.03.2015 жылы тіркеліп, №15165-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі - «МҰҒАЛЖАР» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор - Қ.САРҚҰЛОВ

Бас Редактор - Бану ЖАРТИНА

Жауапты хатшы: Әсел АБДАНБАЕВА

Тілшілер: Нұрғаным КЕСІККҰЛ, Айгерім ДАРХАНҚЫЗЫ

Дизайнер: Бану ӘНУАРБЕК

Фото-тілші Зайырбек ЗАИТҰЛЫ

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 2507 дана
Тапсырыс №1098
Көлемі 3 баспа табақ, индексі 65521

Байланыс телефоны: 3-46-31.
Электронды поштамыз: mugalzhar.gazet@mail.ru

Газет басылды: «Сыр Медиа» ЖШС-і баспаханасы Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4«А» Баспахана телефоны: 8(7242)400668

Мекен-жайымыз: Қандыағаш қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, 8 Бас редактор: 3-46-31.

Газетке шыққан мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді